

ПЕДАГОГ ЖАРШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



#08 (47) [желтоқсан 2025 жыл]

Қыс көрінісі





*Абай Құнанбайұлы
(1845-1904)*

32-қара сөзінің түйіні

Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі керек нәрсе – Ынта, жігер, берік сабыр, талап. Бұларсыз білім де табылмас, ғылым да табылмас.

Екінші – білім, ғылымды үйренем дегенде, білмекке құмарлық пайда болу керек. Оны өз бетімен табуға тырысу қажет, біреудің зорлығымен үйрену болмайды.

Үшінші – білім-ғылымның өзіне ғана емес, оның адам баласына пайдасы тиетін жағын үйрену керек. Пайдасы адамға тимесе, ол – ғылым емес, бос әурешілік.

Төртінші – әрбір нәрсені білмекке, үйренбекке, ең әуелі сол нәрсенің мәнін, сырын, себебін сұрау керек. «Неге бұлай, неден бұлай?» деп ізденбеген адамның білімге, ғылымға шын қолы жетпейді.

Бесінші – ғылымды үйренбекке талаптанған адамның күлкісі аз, уайымы көп болмақ керек. Кейбіреу ғылымды өмірінің сәні, атақ үшін үйренеді. Ондайдың білімі адамға жарық болмайды.

Шын ғылым – шынайы адамға қызмет ету үшін. Ғылымның жолы – қиын, бірақ жемісі – тәтті. Ғылымды іздеп, дүниенің сырын білмек болған адам жүрегін таза ұстау керек, өйткені ғылым таза жүрекке қонады.

Абай бұл қара сөзінде білім мен ғылымды үйренудің адамдық жолын түсіндіреді. Нағыз ғылым болудың шарты – ынта, сабыр, талап, ізденіс және адамға пайда келтіру. Бұл – ұстаздық пен шәкірттік қатынастың басты философиясы.

ПЕДАГОГ ЖАРШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

№8 (47) [2025 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН]

W +7(707)7769135

F tamyr.education

E TAMYR.edu@gmail.com

W [Website]

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Жиенбаева Сайра Нағашыбаевна,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Жұмабекова Фатима Ниязбекқызы,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Боранбаева Ләйлә Қайырбекқызы,

"Өрлеу" БАҰО АҚ Астана қаласы кәсіби даму институты
филиалы, Педагогика және пәндік әдістер кафедрасының
меңгерушісі

Айдос Бәдел,

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің саясаттану және әлеуметтану
кафедрасының аға оқытушысы, саясаттану ғылымдарының
магистры

Рахимбаева Саулегул,

Астана қаласы №18 «Аяжан» балабақшасы тәрбиешісі

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ

Қазақстан Республикасы,
01000, Астана қаласы,
Шәкен Айманов көшесі, 24, 1-қабат.

БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

Tel.: +7 (7172) 79-50-06; +7 (7172) 76-91-35
Mob.: +7(701) 448 84 54; +7 (707) 776-91-35 WhatsApp
E-mail: TAMYR.edu@gmail.com
Instagram: tamyr_bilimortalogy

«Профи Медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 24
Тапсырыс: № 08/2020
Таралым: 150 дана

БАС РЕДАКТОР

Ақжарқын Бәделқызы,

Педагогика ғылымдарының кандидаты

РЕДАКЦИЯ

Әдеби редактор –

Марал Дадиева

Техникалық редактор –

Айсұлу Бәделқызы

Тарату жөніндегі менеджер –

Гүлімжан Алексей

Меншік иесі: «ЖМС» ЖШС

Шығарушы: «ТАМЫР» білім беру
ұйымы» ЖШС

Айына бір рет шығады 2020 жылғы
маусым айынан бастап шыға бастады

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген

Тіркеу куәлігі
№ KZ34VPY00023764
ISSN 2790-5977
(03.06.2020 ж.)

Авторлардың ұстанымдары редакция көзқарасын
білдірмейді.

Редакция поштасына түскен мақала кері қайтарылмайды
және жазбаша жауап берілмейді, қажет болған
жағдайда редакция әдеби өңдеуге құқылы.

М А З М Ұ Н Ы

Бас редактор бағаны.....	3
Анар Долдабековна Смакова	
Ақмарал Есімхановна Сомшина	
Омарова Мадина Канатовна	
Құндылыққа негізделген тәрбие: тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері.....	4
Кенжина Дария	
Геймификацияны балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытуда қолданудың маңыздылығы.....	9
Насыпханқызы Алтынгүл	
Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру.....	14
Абаева Айсауле Қуанышбековна	
Дидактикалық ойын – танымдық дамудың кілті.....	17
Исина Нургуль Советовна	
Заманауи технологияны жүргізудің маңыздылығы.....	21
Махсул Шолпан	
Ұлттық ойын арқылы ұрпақ тәрбиесі.....	25
Хусайнова Жанагуль Мухамбеткалиевна	
Үстел үсті ойындарының баланың тілін дамытуға әсері.....	28

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Өңірлеріндегі педагогтердің
ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕН

Айтеева Шынарай Ерденевна	
Мектепке дейінгі кезеңдегі абай тәрбиесінің ерекшелігі.....	32
Ошакпаева Салтанат Нурлановна	
Тәуелсіздік тұғырымы.....	34
Ракишова Салимаш Сапарғалиевна	
Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!.....	35
Кабылбекова Карлыгаш Акановна	
Алма жемісі.....	37

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Өткен жылдан бастап педагог - психолог маман ретінде, балаларды балабақшаға бейімдеу жолдары, балаларды мектепке психологиялық жағынан дайындау, әр жас кезеңіне сай психологиялық даму ерекшеліктері, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен, дарынды балалармен жұмыс жүргізу жолдары, әдістері, мектеп оқушыларына психологиялық көмек беру бағытында кеңестерді ұсынып келемін. Биыл да жалғасын таппақ.

Жеке тұлға дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындықтан, баланың психологиялық дамуының негізі осы шақта қаланады. Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымы бірлескен өзара тығыз байланыста болуы өз нәтижесін берері сөзсіз.

Журналдың өткен нөмірлерінде берілген материалда төмендегі мәселелерді қарастырылды:

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортаға бейімдеуде баланы балабақша өміріне бейімдеу үш деңгейде қарастырылып, ата-аналарға ұсыныстар берілді. Осы жастағы балаларды үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйретудің кыры мен сыры көрсетілді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық тұрғыдан дайындау бағытында балаларды мектепке дайындаудың психологиялық ерекшеліктері, танымдық үдерістерін ойын арқылы дамытудың әдістемесі балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүйеленіп ұсынылды. Балалардың отбасы, жануарлар т.б. тақырыптарда салған суреттерін бағалаудың әдіс-тәсілдері ұсынылып, әр түстің бала өміріндегі маңызы айқындалды. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері қарастырыла отырып, дарынды балаларды анықтау әдістемесі ұсынылды.

Балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша балада пайда болатын қорқыныштар, ұялшақ, тұйық, ызақор, гипербелсенді балалармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны, ойындарды ұйымдастыру әдістемесі жүйеленіп берілді. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұтығуы, бала бойында кездесетін жат қылықтарды болдырмау, ерте жастағы балалар аутизмі және жұмыс жүргізу жолдары қарастырылды.

Зерделеніп отырған мәселе күрделі болғандықтан оның қыр-сырын толық қамтылды деп айта алмаймыз. Алайда әдістемелік құрал педагог-психологтарға, жас мамандарға, ата-аналарға бала психологиясының мәнін айқындауда көмекші құрал болады деген ойдамыз.

(соңы)

ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ: ТӘЖІРИБЕЛІК- ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Анар Долдабековна Смакова

№95 «Алматы» балабақшасының меңгерушісі

Ақмарал Есімхановна Сомшина

№95 «Алматы» балабақшасының әдіскері

Омарова Мадина Канатовна

№95 «Алматы» балабақшасының инновация әдіскері

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – жас ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыдан дамыту, олардың бойында қоғамға пайдалы тұлғалық қасиеттер мен жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру. Құндылыққа негізделген тәрбие баланың тұлғалық кемелденуіне, өзін және өзгелерді құрметтеуге, айналасындағы ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына ықпал ететін педагогикалық үдеріс ретінде ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі кезең – ізгі қасиеттердің, мінез-құлық мәдениетінің және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына ең қолайлы, шешуші кезең. Сондықтан білім берудің ізгілендіру бағыты - заманауи қоғам талаптарына жауап беретін өзекті мәселе болып табылады.

Жаһандану, ақпараттық қарқын, әлеуметтік өзгерістер жағдайында балалардың рухани дүниесін байытатын, адамгершілік бағдарын нақтылайтын тәрбиелік бағдарламаларға сұраныс артып отыр. Солардың бірі – «Ізгілік нұры» авторлық бағдарламасы. Бағдарлама балалардың жас ерекшелігіне сай құндылықтарды меңгертуге, мейірімділік, қамқорлық, сыйластық, адалдық сияқты рухани қасиеттерді күнделікті іс-әрекетте тәжірибе арқылы бекітуге бағытталған. Сонымен бірге ата-анамен ынтымақтастықты күшейтуді, білім беру ортасын ізгілендіруді, тәрбиенің тұлғалық-бағдарлы моделін жүзеге асыруды көздейді.

2022–2025 жылдар аралығында №95 Алматы балабақшасының базасында «Ізгілік нұры» авторлық бағдарламасының тиімділігін анықтауға бағытталған кешенді тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысы төрт кезеңнен тұрды: дайындық, диагностикалық, тәжірибелік-эксперименттік және қорытынды кезеңдері.

1. Дайындық кезеңі

Бұл кезеңде зерттеудің мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері айқындалды. Педагогтармен алдын ала әңгімелесу, бағдарлама мазмұнын талдау, әдістемелік материалдарды іріктеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың жас ерекшелігі мен даму деңгейіне сәйкес келетін құндылықтық бағыттағы тапсырмалар, ойын технологиялары, рөлдік жағдаяттар және әңгімелеу үлгілері әзірленді. Сонымен қатар ата-аналар қауымымен бірлескен іс-шаралар жоспары құрылды.

2. Диагностикалық кезең

Диагностикалық жұмыстың мақсаты – балалардың бастапқы адамгершілік даму деңгейін, қарым-қатынас мәдениетін, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын анықтау болды.

Қолданылған әдістер:

Бақылау (балалардың күнделікті іс-әрекеттегі мінез-құлқын тіркеу);

Жағдаяттық әңгімелер (мейірімділік, достық, сыйластық туралы қысқа өмірлік жағдайларды талдау);

- Ойындық диагностика (құндылыққа құрылған әлеуметтік ойындар);
- Сауалнама (педагогтар мен ата-аналарға);
- Әңгімелесу әдісі (балалардың құндылықтар туралы түсініктерін анықтау).

Диагностика нәтижесінде бірқатар мәселелер айқындалды: балалардың мейірімділік, жауапкершілік, өз-өзін реттеу дағдыларында тұрақсыздық байқалды; кейбір балаларда эмоцияны басқару мен қарым-қатынас мәдениетінде қиындықтар анықталды; үлкенді құрметтеу мен бір-біріне қамқорлық көрсету деңгейі жеткілікті дамымағаны байқалды.

3. Тәжірибелік-эксперименттік кезең

Бұл кезеңде «Ізгілік нұры» бағдарламасының мазмұны балабақшаның күнделікті оқу-тәрбие процесіне жүйелі түрде енгізілді. Іс-әрекеттер төмендегі бағыттар бойынша ұйымдастырылды:

а) Құндылыққа бағдарланған ойындар

«Жақсылық шеңбері», «Қамқор достар», «Мейірім поштасы», «Көмек қол» сияқты ойындар балалардың бір-біріне деген жылы сезімін қалыптастыруға бағытталды.

Ойындар барысында балалардың бірлескен әрекеті, өзара қолдауы, жауапкершілік сезімі нығайтылды.

ә) Сюжеттік-рөлдік жағдаяттар

«Қонақ күту», «Досым ренжіді», «Сыныптастарға көмектесейік» сияқты жағдаяттарды шешу арқылы балалар әлеуметтік нормаларды меңгерді, әдептілік пен сыйластық дағдыларын бекітті.

б) Құндылыққа бағытталған әңгімелер

«Адалдық», «Қамқорлық», «Сүйіспеншілік», «Достық» тақырыптарында шағын хикаялар талқыланды.

Әңгіме барысында балалар өз ойларын жеткізіп, жағымды мен жағымсыз қылықтарды ажыратуға үйренді.

в) Ата-аналармен жұмыс

«Отбасы – ізгілік бесігі» атты семинарлар, тренингтер, пікірталастар өткізілді.

Ата-аналар отбасылық құндылықтарды дамыту бағытында тапсырмалар орындап, тәрбиешілермен тығыз ынтымақтастық орнатты.

г) Өзін-өзі тану элементтері

Балаларға өз эмоцияларын түсіну, бақылау, өзін танып қабылдау дағдыларын қалыптастыруға арналған тыныштық сәттері, медитациялық

жаттығулар енгізілді.

4. Қорытынды кезең

Эксперимент аяқталған соң бастапқы диагностика әдістері қайта қолданылып, нәтижелер салыстырмалы түрде талданды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу соңында балалардың адамгершілік қасиеттерінде айтарлықтай оң динамика байқалды:

Мейірімділік, қамқорлық, достық сезімдері күшейді;

Қарым-қатынас мәдениеті жақсарды (сыпайы сөйлеу, тыңдай білу, өз ойын жеткізу дағдылары артты);

Эмоцияны басқару қабілеті жоғарылады (реніш, қуаныш, қорқыныш сияқты сезімдерін түсіндіру деңгейі өсті);

Үлкенді сыйлау және кішіге қамқорлық таныту көрсеткіштері тұрақты қалыптасты;

Ортақ іс-әрекетке жауапкершілікпен қарау, бастаған істі аяқтау дағдылары нығайды;

Ата-аналармен байланыс күшейіп, тәрбиелік жұмыстың тиімділігі артты.

Жалпы алғанда, «Ізгілік нұры» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына айтарлықтай оң әсер еткені анықталды. Бағдарламаны жүйелі түрде қолдану білім беру ұйымының тәрбиелік ортасын ізгілендіруге, тәрбие мен оқытуды құндылықтық бағытқа бұруға мүмкіндік берді.

«Ізгілік нұры» бағдарламасының өзектілігі оның адамды рухани тұрғыдан жетілдіруге, мейірімділік, қайырымдылық, сыйластық, әділдік, жауапкершілік сияқты ізгі қасиеттерді бала бойына дарытуға бағытталғанында. Бағдарлама білім мен тәрбиенің тұтастығын сақтай отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіреді. Бұл – баланың рухани дүниесін байытуға, ішкі мәдениетін қалыптастыруға және әлеуметтік ортада дұрыс қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үздіксіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды.

Бағдарлама негізіне осы салада еңбек етіп жүрген отандық және шет елдер ғалымдарының мектеп жасына дейінгі балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, іріктеп, бейімдеумен ұсынған адамзаттың қоғамдық–тарихи тәжірибесін қамтитын компоненттері – білім, іскерлік пен дағдылар, шығармашылық әрекет және өмірлік эмоционалдық қатынас тәжірибелерін алу көзделді. Көзделіп отырған ауқымда білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бағдарлама ең алдымен мектепке

дейінгі ұйымдардағы берілетін білім мазмұнын ізгілендіру, жаңарту, баланың дене және психикалық, эмоционалдық саулығын нығайту, дара ерекшелігін дамыту, өмірлік дағды қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарламада адам тұлғасы дамуының маңызды кезеңі ретіндегі мектепке дейінгі балалықтың өзіндік құндылығын сақтауға, тәрбиелеу мен білім беру мазмұнын, мақсат, міндеттері мен ұйымдастыру формаларын, ізгілік әдіс-тәсілдерін, құралдарын қоғамдық сұраныстарға сәйкес үздіксіз жаңартып отыруға басты назар аударылады. Бала тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда олардың жетекші әрекеттерін негізге ала отырып тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ізгілікті қарым - қатынасқа, зерттеу-ізвестіруге, үлкендермен және құрдастарымен ынтымақтастыққа құру көзделеді.

Бағдарламаның мақсаты - жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар негізінде жас ұрпақты ізгілікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, ата-аналармен тығыз байланыстағы ынтымақтастық орнату.

Бағдарламаның міндеттері:

– ізгілік педагогикасы негізінде балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру;

- баланың өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, өзін өзі тануға жағдай жасау, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;

- үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, айналасындағы адамдарды, достарын, туыстары мен жақындарын жақсы көруге, қамқорлық жасауға, мейірімді болуға үйрету;

– ана тілінде дұрыс сөйлеу дағдыларын және көптілдік ортада қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен тығыз байланыс орнықтыру;

– баланың танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру;

– ізгілік әдіс-тәсілдері негізінде балалардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру, өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;

– адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу, өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу;

– жасампаздықпен белсенділік, елжандылық таныту, өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу;

– сүйіспеншілік, махаббат, сыпайылық, адалдық, Отан, өмір, денсаулық, адам, отбасы, достық, табиғат сияқты рухани-адамгершілік құндылықтар туралы түсінік беру;

– ата-аналармен ізгілік тәрбиесін бірлесе, ынтымақтастықта жүргізу жолдарын нақтылау;

Бағдарламаның жаңашылдығы:

1. *Ізгілік құндылықтарын тәжірибелік әрекет арқылы қалыптастыру* – балалар өзара қарым-қатынас, ойын, шығармашылық және

зерттеу қызметі барысында мейірім, сыйластық, әділдік сияқты қасиеттерді сезініп, өмірде қолдануға үйренеді.

2. *Интеграциялық тәсіл* – рухани-адамгершілік тәрбиені тіл дамыту, экологиялық, көркемдік және танымдық бағыттармен кіріктіру арқылы баланың тұтас тұлғалық дамуына ықпал етеді.

3. *Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімі* – қазақ халқының мәдени мұрасын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын заманауи ізгілік мазмұнымен ұштастырады.

4. *Эмоционалдық интеллектті дамыту* – баланың өз сезімін түсіну, басқаның эмоциясына жауап беру қабілетін жетілдіру арқылы әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етеді.

5. *Цифрлық және көрнекілік құралдарды үйлестіру* – интерактивті әдістер, мультимедиялық ойындар мен визуалды материалдар арқылы ізгілік идеяларын қызықты және әсерлі түрде жеткізеді.

Осылайша, «Ізгілік нұры» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда рухани-адамгершілік тәрбие берудің инновациялық моделін қалыптастырып, тәрбиенің ізгілендіру бағытын жаңаша деңгейге көтереді. Оның **тәрбиелік мәні** баланың рухани-адамгершілік әлемін қалыптастыруға, мейірім мен әділдік, жауапкершілік пен сыйластық сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіруге бағытталған.

Рухани-адамгершілік бағыттылығы. Бағдарламаның өзегі – баланың ішкі жан дүниесін байыту, ізгілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік сияқты моральдық құндылықтарды дамыту. Бұл бағыт Ш. Амонашвилидің ізгілік педагогикасы идеясымен үндесіп, әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдауды көздейді.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігі. Бағдарлама мазмұнында қазақ халқының дәстүрі, салты, әдеп-ғұрпы мен халық даналығы көрініс табады. Ол арқылы бала туған жерге, ата-анаға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйренеді.

Эмоциялық мәдениетті қалыптастыру. Баланың эмоциялық интеллектісін дамытуға басымдық беріледі. Ойын, көркем әдебиет, сахналау, әңгімелесу арқылы бала өз сезімін түсінуге, басқаны тыңдап, жанашырлық танытуға үйренеді.

Қарым-қатынас және бейімделу мәдениеті. Бағдарламада бала мен ересек арасындағы өзара сенім, түсіністік, жылы қатынас басты құндылық ретінде қарастырылады. Бұл педагог пен бала арасындағы серіктестік қарым-қатынасты қалыптастырады.

Тұлғалық дамуға бағытталған тәрбиелік орта. «Ізгілік нұры» баланың өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау және өзін дамыту қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Мұндай ортада әр бала өзін маңызды, бағалы тұлға ретінде сезінеді.

Ойымызды қорытынлай келе, бұл бағдарламаның тәрбиелік мәні-баланың жүрегіне мейірім мен адамгершіліктің нұрын себу, ізгі ой мен ізгі іс арқылы рухани бай, мәдениетті, елжанды тұлға тәрбиелеуінде. Бағдарлама - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың гуманистік парадигмасына

негізделген, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйе. Бағдарлама арқылы бала ізгі ойлауға, мейірімді қарым-қатынас жасауға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Ол баланың тек білімдік емес, адамдық болмысын қалыптастыруды көздейді. Тұжырымдап айтқанда, «Ізгілік нұры» бағдарламасының тәрбиелік өзегі - баланың жүрегіне ізгілік сәулесін түсіріп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіре отырып, рухани бай, мәдениетті, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу.

ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кенжина Дария

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытуда геймификацияны қолданудың маңызы қарастырылды. Эмоционалдық интеллектіні қалыптастыру – балалардың әлеуметтену, өзін-өзі реттеу және қарым-қатынас орнату қабілеттерінің негізі. Геймификациялық тәсілдер балалардың қызығушылығын арттырып, оқыту процесін тиімді әрі жағымды етеді. Автор эмоционалдық дағдыларды дамытатын ойындарды сипаттап, шетелдік тәжірибеге шолу жасап, тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін ұсынады. Мақаланың мақсаты – геймификация арқылы мектепке дейінгі балалардың эмоционалдық интеллектісін дамыту жолдарын көрсету.

Түйінді сөздер: геймификация, эмоционалдық интеллект, мектепке дейінгі білім, эмоцияны тану, ойын әдістері.

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамыту маңызды орын алады. Эмоционалдық интеллекті жоғары балалар өз сезімдерін тиімді басқарып, әлеуметтік ортада табысты әрекет ете алады. Осы тұрғыда геймификация әдісі оқыту процесін қызықты әрі тиімді ету үшін кеңінен қолданылуда.

Геймификация (ағылш. *gamification*) - ойын элементтері мен ойынға тән тәсілдерді ойыннан тыс салаларға (білім беру, бизнес, денсаулық сақтау, т.б.) енгізу арқылы адамдардың қызығушылығын, мотивациясын және белсенділігін арттыру әдісі.

Геймификация – ойын технологияларын ойыннан тыс салаларға (білім беру, тәрбие, психологиялық даму) енгізу арқылы балалардың белсенділігін, қызығушылығын және эмоциялық күйін басқару әдісі. Бұл ұғымды алғаш рет 2002 жылы британдық бағдарламашы Ник Пеллинг (Nick Pelling) енгізген [1]. Алайда, геймификация термині кеңінен танымал бола бастаған кезең 2010

жылдардан басталады, бұл уақытта әлеуметтік медиа мен мобильді технологиялардың дамуы ойын элементтерін түрлі салаларға енгізуге мүмкіндік берді. Геймификацияның кеңінен таралуына әсер еткен танымал авторлардың бірі - Гейб Зихерман (Gabe Zichermann), ол 2011 жылы жарық көрген «Gamification by Design» кітабында геймификацияның принциптері мен қолдану әдістерін сипаттаған [2].

Геймификацияның негізгі мақсаты-ойын механикаларын пайдалану арқылы пайдаланушылардың қатысуын арттыру, оларды ынталандыру және белгілі бір әрекеттерге бағыттау. Геймификацияны балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытуда қолданудың маңыздылығы бірнеше негізгі аспектілерде көрінеді.

Біріншіден, баланың эмоционалдық интеллектін қалыптастыруда геймификация арқылы балалар өз эмоцияларын тануды, сезімдерін ашық айту мен басқаруды үйренеді. Бұл баланың өзін-өзі тануына, эмоцияларды дұрыс реттеуге және стреске төзімді болуына ықпал етеді. Мотивация мен қызығушылықты арттырады және ойын элементтері балалардың ішкі мотивациясын күшейтеді. Іс-әрекет қызықты және жеңіл қабылданады, бұл эмоционалдық тұрғыда жағымды әсер береді.

Екіншіден, әлеуметтік дағдыларды дамытуда геймификация топпен жұмыс істеу, өзгені тыңдау, көмектесу және бірлесе шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Эмпатия, достық, өзара түсіністік сияқты эмоционалдық сапалар қалыптасады. Өзін-өзі бағалау мен сенімділікті нығайтуда ойындардағы жетістіктер (жұлдызша, медаль, деңгей өсуі) баланың өзін бағалауын арттырып, өз күшіне сенуге көмектеседі. Бұл оның эмоционалдық тұрақтылығы мен өмірлік белсенділігін дамытады.

Үшіншіден, эмоцияларды басқаруға үйретеді және геймификация арқылы балалар реніш, ашу, қорқыныш сияқты күрделі эмоцияларды ойын жағдайында жеңуге дағдыланады. Бұл дағды шынайы өмірде эмоциялық жағдайларды оңай басқаруға көмектеседі. Позитивті оқу ортасын қалыптастырады, баланың оқу іс-әректің қызықты етеді, жағымды эмоциялар арқылы білімді жақсы меңгеруге жағдай жасайды. Ойынның атмосферасы психологиялық жайлылықты қамтамасыз етеді [3].

Геймификация – баланың эмоциялық әлемін дамытудағы заманауи, тиімді және табиғи әдіс. Ол баланың өзін де, айналасын да жақсы түсінуге, қарым-қатынас жасауға, эмоциялық тұрақтылыққа тәрбиелейді. Бұл ХХІ ғасыр дағдыларының (soft skills) негізін қалайды [4].

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың эмоционалдық дағдыларын дамыту өзекті мәселе болып отыр. Эмоционалдық интеллект - баланың өз сезімдерін тану, басқару, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және тиімді қарым-қатынас орнату қабілеті. Осы дағдыларды дамытуда геймификация - ойын элементтері арқылы оқыту - тиімді инновациялық әдіс ретінде қолданылады.

Балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытудағы геймификацияның артықшылықтары төмендегі кестеде көрсетілді.

Кесте-1. Балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытудағы геймификацияның артықшылықтары

№	Артықшылықтары	Түсініктеме
1	Қызығушылық пен мотивацияны арттырады	Баланың эмоциялық күйін көтеріп, оқуға деген ынтасын қалыптастырады. Ойын элементтері арқылы балада оқу мен қарым-қатынасқа деген оң эмоциялар қалыптасады. Бұл өз кезегінде ішкі мотивацияны күшейтіп, оқуға деген жағымды көзқарас қалыптастырады.
2	Жеңіс пен сәтсіздікті қабылдауға үйретеді	Ойын арқылы жеңілісті жеңіл қабылдап, өз эмоцияларын бақылауды меңгереді
3	Командалық жұмыс пен эмпатияны дамытады	Басқа балалармен әрекеттесе отырып, бір-бірін түсінуге, сезімдерін құрметтеуге үйренеді
4	Әлеуметтік қарым-қатынас пен командалық жұмысты үйретеді	Топтық ойындарда бала достық қарым-қатынасты, өзара көмектесуді, эмоцияларын дұрыс білдіруді үйренеді. Бұл эмоционалдық интеллектіні дамытуға ықпал етеді.
5	Өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттырады	Марапат, жетістік арқылы бала өз күшіне сенеді, бұл оның эмоционалдық тұрақтылығын нығайтады Жетістіктер үшін алынатын марапаттар, деңгейлер мен баға беру жүйесі баланың өз күшіне деген сенімін арттырады. Шағын жеңістер эмоциялық қанағат сезімін тудырады.
6	Қиын эмоцияларды басқаруды үйретеді	Ойын барысында бала жеңіс пен жеңілісті қабылдауды, күйзеліспен күресуді, сабырлы болуды тәжірибеден өткізеді. Бұл стресске төзімділікті қалыптастырады. Стресстік ситуацияларды ойын арқылы өңдеп, сабырлы болуға дағдыланады.
7	Қуаныш, қанағат, эмпатия сезімдерін оятады.	Ойындық ситуациялар балаға бір-бірін түсінуге, өзгелердің эмоциясын сезінуге мүмкіндік береді. Бұл эмоционалдық ересектікке қадам жасататын маңызды құрал.

Геймификацияның осы артықшылықтарын ескере отырып- балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде пайдаланамыз. Ол баланың эмоцияларын тануға, өз-өзін бақылауға, басқа адамдарды түсінуге үйретеді. Ойын тәсілдері баланың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, жағымды эмоционалдық климат қалыптастырады. Педагогтар үшін геймификация – баланың эмоциялық интеллектісін дамытуда заманауи және қолжетімді әдісі болып табылады. Мұны қолданудың тәсілдері:

Марапаттау жүйесі. Балалардың жетістіктері үшін "жұлдызша",

"медаль", "купон" беру арқылы эмоциялық қолдау.

Эмоциялық карточкалармен ойын. Балаларға әртүрлі эмоцияларды

бейнелейтін суреттер көрсетіп, өз сезімдерін анықтауға және айтуға үйрету.

Интерактивті квест-ойындары.

Командалық тапсырмалар арқылы бірлесіп жұмыс жасау, өзара көмек көрсету, эмоцияларды бірге жеңу.

Сюжеттік-рөлдік ойындар. «Кімге қалай көмектесеміз?», «Досың ренжіді, не істейсің?» тақырыптарында жағдаяттарды шешу.

Цифрлық геймификация элементтері.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған арнайы қосымшалар арқылы эмоцияларды тану және басқару [5].

Мектепке дейінгі білім беруде геймификация балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру, олардың белсенділігін көтеру және оқу материалын меңгеруді жеңілдету мақсатында қолданылады. Ойын элементтері арқылы оқушылардың эмпатия, өзін-өзі реттеу, ынтымақтастық және әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туады

Геймификацияның тиімділігіне мысал ретінде «Reader Rabbit Playtime for Baby» атты интерактивті ойынды келтіруге болады. Бұл ойын мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған және сенсорлық тәжірибе, визуалды әсерлер мен қарапайым әрекеттер арқылы олардың эмоцияларды тану, қызығушылық таныту

және ата-анамен өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ойын баланың эмоционалдық дамуына оң әсер етіп, оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді [6].

Мектепке дейінгі білім беру саласында геймификацияны зерттеп, оның балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытудағы маңыздылығын атап өтуде. Бұл зерттеулерде ойын элементтерін оқу процесіне енгізудің тиімділігі төменде көрсетілді.

Тақырыбы: «Менің көңіл-күйім» (Геймификация элементтері арқылы эмоционалдық дағдыларды дамыту)

Мақсаты: балалардың өз эмоцияларын тану, түсіну және басқару



дағдыларын қалыптастыру. Геймификация тәсілдері арқылы балалардың қызығушылығын оятып, эмоциялық интеллектіні дамыту.

Міндеттері:

- баланың көңіл-күйін анықтап, оны сөзбен сипаттауға үйрету;
- эмоцияларды басқару тәсілдерін меңгерту;
- басқа балалардың эмоцияларын түсіну қабілетін дамыту;
- қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Қажетті құралдар: эмоция смайликтері (қуаныш, ренжу, таңғалу, қорқу, өкпе); «Көңіл-күй ағашы» стенді; «Сиқырлы қобдиша» (ішінде эмоция жазылған карточкалар); Цифрлық интерактивті ойын (проектор арқылы); Мадақтау жұлдызшалары (жетістік белгісі).

Іс-әрекет барысы. ұйымдастыру кезеңі (геймификация элементтерімен) – 5 минут. Балалар смайликтерді қолданып, бүгінгі көңіл-күйін таңдайды.

Әр бала өз таңдаған эмоциясын түсіндіріп береді (неге дәл солай сезініп тұр).

Негізгі бөлім – 15 минут. Интерактивті ойын «Эмоцияны тап!». Проектор арқылы балаларға түрлі жағдаяттық суреттер көрсетіледі. Әр бала смайлик көтеру арқылы эмоцияны көрсетеді (мысалы: "Ол бала қай эмоцияда?" – қуанышты, ренжүлі, таңғалған).

2. *«Сиқырлы қобдиша» ойыны.* Әр бала қобдишадан эмоция жазылған карточканы алып, сол эмоцияны қандай жағдайда сезінетінін мысалмен айтады. Қиын эмоцияларды (реніш, ашу) қалай жеңуге болатыны туралы пікір алмасады.

3. *Тимбилдинг ойыны «Көңілді шеңбер».* Балалар қол ұстасып, кезекпен бір-біріне жылы сөз айтады («Сен менің досымсың», «Мен сенімен ойнағанды жақсы көремін»). Әр бала эмоциялық қолдау сезінеді.

Рефлексия. «Көңіл-күй ағашын» толтыру: Сабақ соңында балалар тағы да смайликтер арқылы өз көңіл-күйін белгілейді. Тәрбиеші балаларды мадақтап, жетістік жұлдызшаларын табыстайды. Қорытынды сұрақтар: «Саған қай ойын ұнады?», «Бүгін қандай эмоцияларды сездің?»

Күтілетін нәтиже:

- Балалар өз эмоцияларын таниды, түсіндіреді және басқаруды үйренеді.
- Басқалардың сезімін түсініп, дұрыс қарым-қатынас орнатуға дағдыланады.
- Ойын арқылы қызығушылықтары артып, эмоционалдық интеллект дамиды.

Ойымызды қорыта келе, геймификацияны мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану балалардың эмоционалдық дағдыларын дамытуда ерекше маңызға ие. Ойын элементтері арқылы балалар өз эмоцияларын тануды, басқаруды және қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас орнатуды үйренеді. Бұл тәсіл баланың мотивациясын арттырып, өзін-өзі бағалауын нығайтады, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырады. Сонымен қатар, геймификация әлеуметтік байланыстарды, командада жұмыс істеу қабілетін,

эмпатияны дамытудың тиімді құралы болып табылады. Оқу процесін қызықты әрі нәтижелі ететін бұл әдіс ХХІ ғасыр баласының эмоционалдық интеллектін дамытуға үлкен үлес қосады. Сондықтан геймификацияны жүйелі қолдану мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы заманауи инновациялық бағыттардың бірі ретінде өзектілігін сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қуанбаева Ж., Байғұтова Д., Ибрагимова У. Геймификация как новый метод обучения в цифровом образовании. // Вестник Евразийского гуманитарного института, 2024.
2. Аяпова Б.А., Айтбаева А.К., Алимбекова А.А. Возможности использования геймификации в развитии лидерских навыков детей старшей группы в дошкольной организации. // Известия. Серия: Педагогические науки, 2024.
3. Сердюк В.В., Маркова А.А., Масленникова И.А. Геймификация, как способ вовлечения дошкольников в образовательную деятельность. // Академия педагогических проектов Российской Федерации, 2024.
4. Дурнева, М. А. *Геймификация как инновационная технология в образовании.* // Вестник современного образования, №3, 2020. с. 45–48.
5. Lopez-Belmonte, J., Segura-Robles, A., Fuentes-Cabrera, A., & Parra-González, M. E. 2021.
6. *Gamification in early childhood education: A systematic review of the literature.* *Education and Information Technologies*, 26, 6607–6627.
7. Ibáñez, M. B., & Delgado-Kloos, C. 2020. *Gamification for educational purposes: A systematic review of recent trends in the field.* *Computers in Human Behavior*, 107, 105611.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҰРПАҚ БОЙЫНА СІЦІРУ

Насыпханқызы Алтынгүл

Қарағанды қаласы «Гауһар» бөбекжайы,

Қазақстанымыздың тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасында: «Мектепке дейінгі білім беру – Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары

мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі...» деп көрсетілген.

Тәуелсіздік алған еліміздің келешек ұрпағын отаншылдық рухта тәрбиелеуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бала тәрбиесіндегі адамгершілік ұстаным педагогтің бала пікірімен санасып, оның сезімі мен көңіл күйін ескеріп, өзіне тең құқылы серіктес ретінде қабылдай отырып, бойына жоғары адами құндылықтар – отаншылдық, туған жерге деген махаббат сезімін дарыту болып табылады.

Патриоттық дегеніміз- адамдардың өз елін, өз халқына, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезім. Баланың алғашқы патриоттық рухта тәрбиеленуі, оның ата-анасына, өз еліне, өз халқына, өз Отанына деген сүйіспеншілік айналасындағы жақын туыстарына, аға-апаларына, бауырларына деген сүйіспеншілік сезімінен басталады. Баланы отбасында өзі еңбек етуді сүйетіндей етіп және еңбекте даңқы шыққан халық қадір тұтып, сыйлайтын адамдарды құрметтеуге, еңбек адамдарды сыйлауға, қарттарды қадірлеуге үйрету керек. Балада мұндай сүйіспеншілік сезімінің қалыптасуы оның патриоттық сезімі оянуының бастамасы болып есептеледі. Сол секілді баланы өз елінің бай табиғатын, туған өлкесін өмір сүрген жерін сүйюге үйрету де патриоттық сезімін оятады.

Отанға сүйіспеншілік, бар күші жігері мен білімін отан игілігі үшін жұмсау. Ана тіліне, өз елінің әдет – ғұрпына, салт – дәстүріне деген сүйіспеншілік адамдарда ерте заманнан бастап – ақ қалыптаса бастаған. Ол көздің қарашағындай сақтап келген жерін қорғау, елінің салт – дәстүрімен әдет – ғұрпын сыйлау, ана тіліне сый құрмет көрсету, туған жерінің өркендеуіне үлес қосу.

Балабақшаның жаңа оқу бағдарламаларында патриотизмнің негізгі мақсаттарына аса зор мән беріледі. Онда мектеп жасына дейінгі балалардың бойында қалыптасуға тиісті мына ізгіліктерге көңіл аударылады:

– ана тіліне сүйіспеншілік, яғни туған тілін білу, өз ана тілінде оқу мен сөйлеу, жаза білу;

– туған жерге сүйіспеншілік, яғни туған өлке табиғатын сүйю, туған жердің орман – көлі, тау-тасы, аң- құстарына қамқорлық көрсету, оны аялау мен қорғау, күтіп- баптау;

– туған елге сүйіспеншілік, яғни өз ұлтын сүйю, Отанын сүйю, ұлтының әдет – ғұрпын, салт дәстүрін қастерлеу, ұлт мәдениетінің өркендеуіне, ел экономикасының гүлдеуіне үлес қосу-азаматтық сапа аясы;

– өз отбасына сүйіспеншілік, яғни ата- анасын, туыс бауырларын сыйлап құрметтеу, қамқорлық жасау, сыйластық қатынас орната білу- кісілік қасиет қалыптастыру;

– Қазақстанды мекен ететін халықтарға деген сезімін қалыптастыру, басқа ұлт өкілдеріне түсінікпен қарау, сыйластық қатынас орната білу, өзге ұлттардың салт дәстүрін сыйлау, халықтар мәдениетінен, әлемдік үлгі алу- қатынас – мәдениетінің аясы.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің

өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен „ұлтжандық”, “Отансүгіштік”, ”патриотизм” ұғымдары сол заманның ақиқаты наным – сенімнен туындайды.

Балабақша балаларын патриотизмге тәрбиелеу бағыттары мемлекет ұстанып отырған басты идеяны, одан шығатын мақсатты, оның мазмұны, әдістері, құралдарын біртұтас жүйеге келтіруге негіз бола алады.

Патриотизмге тәрбиелеудің негізгі бағыттары мыналар:

- балаларда патриоттық сананы қалыптастыру;
- балалардың патриоттық сезімдеріне түрткі беріп отыру;
- өсіп келе жатқан жас буындардың патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру және оны өмір салтына ендіру арқылы әдет-дағдыға айналдыру;

- әр баланың өз іс-әрекетін талдауы (қадағалау, бақылау, байқау) арқылы өзін-өзі тәрбиеленуі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеуге арналған кейбір іс – шаралар тәрбие сағаттары, кештер, ертеңгіліктер, кездесулер т.б. жалпы педагогикалық талаптарға толық сай келе бермейді. Себебі оларда көбінесе мақсат – міндеттер дұрыс нақтыланбаған, сол себепті нәтежелерінің тиімділігі байқалмайды. Осы кемшіліктерді жоюға мынадай талаптар қойылады:

1. Патриотизмге тәрбиелеудегі арналған іс шаралардың мақсаты жоғарыда аталған бағыттар көлемінде анықталу керек. Мақсаттың тақырыппен тығыз байланыста болуы тиіс;

2. Қойылған міндеттерді шешудің тәсілдері, әдістері т.б нақтылануы қажет;

3. Олардан келіп шығатын нәтежені алдын – ала болжау қажет.

Тәрбиелік іс шараларының мақсаты: патриоттық сана қалыптастыру болса ар, намыс, ождан, қарыз, парыз секілді т.б ұғымдар мен түсініктерді нақтылау, олар туралы білімдерін жетілдеру және олардың ауқымын кеңейтіп, тереңдету және Отан, мемлекет, ел, ұлт, халық, атамекен секілді киелі ұғымдармен байланысын алып көрсету.

Қоғамдық тәрбиенің ықпалымен патриоттық сезімдер тұрақтанып мектеп жасына дейінгі балалардың іс – әрекеті, мінез құлқының, сөзі мен ісінен көрініс беріп, ұлты, халқы, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұрады.

Патриоттық сана, яғни патриоттық сезімінің көрсеткіші мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетімен анықталады. Қоғамдық іс-шараларға қатысу, өзіне қызмет етуі, үй шаруасына көмектесу секілді іс-әрекеттердің барлығы балалардың басты міндеті екенін түсіндіру қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының мүддесін ұлттық, Отан, мемлекет, халық мүддесімен ұштастырып отыруы қажет. Балалардың өзін-өзі тәрбиелеу деңгейіне жеткізу дегеніміз- оның ішкі қажеттерінен туындаған ой- сана, мінез құлық, іс әрекеттерінің сыртқы жағдайларға сәйкестенуі болып табылады. Бұл өзіне қойылған талаптарға іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы жағымды жауап беруі. Мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі тәрбиелеуін

ұйымдастыруға жетекшілік етуге ұстаздар мынадай жұмыстарын ұйымдастырады:

- өзін-өзі танып білуі;
- өзін -өзі тәрбиелеу бағдарламасы не жоспарын түзу;
- өзін-өзі иландыру, өзіне бұйрық беру.

Сонымен қатар, патриоттық тәрбиенің осы кезеңінде өз туған қаласының тарихы, көркем жерлері, ескерткіштері, сонымен қатар көшелер мен алаңдар жайлы білімдерін тексеру арқылы отбасылық өткізулер мен конкурстар өткізілуі мүмкін.

Патриоттық тәрбиеде ересектердің үлгісі үлкен маңызы бар, әсіресе жақын адамдардың. Отбасыдағы үлкен адамдардың адамдардың (аталардың және апалардың, Ұлы Отан соғысының қатысушылары, олардың майдандағы және еңбек ерліктері) айқын дәлелдеріне сүйеніп балаларға осындай маңызды ұғымдарды дағдыландыру қажет, мәселен, «Отан алдындағы парыз», «Отанға деген сүйіспеншілік», «жауға деген өшпенділік», «еңбек ерлігі» және т.б.

Балаға біздің жеңісіміз, Отанға деген махаббатымыздан, біздің Отанымызды сүйетінімізді, адам бақыты үшін өзінің өмірлерін бергендерін, Отанның өзінің батырларын құрметтейтіні туралы түсінікті тұрақты түрде қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер:

1.Виноградова А.М. Воспитание нравственных чувств у старших дошкольников. М., 1991.

2.Комратова Н.Г., Грибова Л.Ф., Патриотическое воспитание детей 4-6 лет: Методическое пособие, М., 2007.

3.Буре Р.С., Островская Л.Ф. Тәрбиеші – балалар. М., 1995.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН – ТАНЫМДЫҚ ДАМУДЫҢ КІЛТІ



Абаева Айсәуле Қуанышбековна

Астана қаласы., Алматы ауданы

№7 «Аққу» балабақшасы тәрбиешісі

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуы, оның ішінде танымдық қабілеттерін дамыту – басты мақсаттардың бірі. Танымдық процестерді дамытуда дидактикалық ойындардың рөлі ерекше. Дидактикалық ойын – баланың табиғи болмысы, оның жетекші іс-әрекеті. Сол себепті де педагогикада «ойын арқылы оқыту» тәсілі тиімді және нәтижелі болып саналады. Ойын – арнайы педагогикалық мақсатқа бағытталған, оқу материалының мазмұнын меңгертетін, балалардың білім, білік, дағдыларын жүйелейтін әдіс. Бұл мақалада дидактикалық ойындардың мәні, түрлері, ерекшелігі және мектепке дейінгі ұйымдардағы

танымдық даму процесіне әсері жан-жақты талданады.

Дидактикалық ойын – бұл ойын әрекеті мен оқу процесін ұштастыру арқылы баланың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс. Балалармен өткізілетін ойын барысында бала өздігінен ізденеді, салыстырады, талдайды, қорытынды жасайды. Сондықтан да ойын тек көңіл көтеру құралы емес, ол – білім алу механизмі. Педагогтар мен психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, 3–6 жас аралығындағы балалардың негізгі танымдық процестері: қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял ойын әрекеті арқылы қарқынды дамиды.

Дидактикалық ойынның негізгі ерекшеліктеріне тоқталатын болса;

- мақсаттылығы – әр ойын нақты оқу мақсатына бағытталады;
- мазмұндылығы – ойынның ішкі құрылымы оқу материалына негізделеді;
- ережелілік – әр ойын белгілі бір тәртіп пен ережеге сүйенеді;
- қызықтылығы – ойын баланы еркін ойлауға, белсенділікке ынталандырады;
- дамытушылығы – танымдық процестерді кешенді түрде дамытады.

Дидактикалық ойындар танымдық процестерді дамытудағы рөлі баланың зияткерлік қабілеттеріне тікелей әсер етеді. Әр бір ойын белгілі бір танымдық функцияны белсендіреді. Ойын барысында қабылдауды дамытуы заттардың түсін, пішінін, көлемін, құрылымын ажырата білуге бағытталған ойындар:

- «Түстерді тап»
- «Не жоғалды?»
- «Пішінді тап»

Атауы аталғын ойындар баланың сенсорлық дағдыларын жетілдіреді және қоршаған ортаны тану дағдысын қалыптастырады. █

Келесі кезкте зейінді дамыту таңдамалы, тұрақты және бөлінген зейінді дамытуға арналған ойындар:

- «Артық затты тап»
- «Дыбысты аңғар»
- «Жылдам ойлан»

Балалар зейінін шоғырландыру арқылы тапсырманы тез әрі дәл орындауға үйренеді.

Ойлау логикасын қалыптастыратын ойындар:

- «Себебін тап»
- «Кім тез табады?»
- «Құрастыр да айт»

Бұл тапсырмалар логикалық операцияларды: талдау, салыстыру, жалпылау дағдыларын дамытады. Есте сақтау қабілетін дамытатын ойындар:

- «Есіңе сақта»
- «Дыбысты қайтала»
- «Кестені есте сақта»

Естің көрнекі-бейнелі, механикалық, қысқа мерзімді түрлерін

жетілдіруге бағытталған. Қиялды дамытуға арналған шығармашылық ойындар:

- «Ертегіні жалғастыр»
- «Кім қалай ойлайды?»
- «Суреттен оқиға құрастыр»

Мектепке дейінгі мекемеде дидактикалық ойындарды пайдалану 3–4 жастағы балалар үшін ойындар қарапайым және қысқа болуы керек. 5–6 жастағы балаларға күрделендірілген ойындар ұсынылады. Әрбір ойын жас ерекшелікке сай таңдалғанда ғана қажетті нәтиже береді. Дидактикалық ойындар:

- математика,
- тіл дамыту,
- экология,
- көркем әдебиет,
- жаратылыстану,

сауат ашу - сияқты білім салаларымен кіріктіріле өткізіледі. Бұл әдіс балалардың пәндер арасындағы байланысты түсінуіне көмектеседі.

Ал, дидактикалық ойындарда тәрбиешінің міндеті:

- ойын мақсатын анықтайды,
- балаларды ережемен таныстырады,
- ойынды ұйымдастырады,

бақылап, нәтижесін сараптайды. Педагогтың дұрыс бағыт беруі – ойынның нәтижелілігінің басты шарты.

Дидактикалық ойын – балалардың білім деңгейін бақылаудың табиғи әрі стресске түсірмейтін тәсілі. Ойын кезінде бала өз мүмкіндігін еркін көрсетеді. Педагог баланың танымдық даму деңгейін ойын барысынан-ақ анықтай алады. Зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелер бойынша дидактикалық ойындардың мынандай тиімділігі бар:

- танымдық қызығушылықты арттырады;
- баланың ойлау дағдыларын дамытады;
- оқу материалын жеңіл әрі тез қабылдауға мүмкіндік береді;
- балалардың сөйлеу тілін дамытады;
- ұжымдық жұмыс мәдениетін қалыптастырады;
- өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытады;
- эмоционалдық тұрақтылықты арттырады.

Дидактикалық ойын – баланың жан дүниесі мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудың қуатты құралы. Сөзімнің дәлелі ретінде өз балабақшамда өткізетін дидактикалық ойындардан үзінді фото-суреттерді ұсына аламын. Балаларға қызықты, тақырыпты аша білетін ойындарды ұйымдастыру менің жұмысым.



Дидактикалық ойын – мектепке дейінгі ұйымдарда танымдық дамудың негізгі тетігі. Ойын бала өмірінің айнасы іспеттес: ол арқылы бала үйренеді, таниды, дамиды, жетіледі. Педагог дидактикалық ойынның мазмұнын дұрыс таңдап, оны оқу іс-әрекетіне тиімді енгізген жағдайда балалардың танымдық қабілеттері кешенді түрде дамиды. Сондықтан дидактикалық ойындар – баланың сапалы білім алуының, танымдық дамуының, шығармашылық қиялының және тұлғалық қалыптасуының сенімді құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Беспалько В.П. *Педагогика и прогрессивные технологии обучения.* – Москва, 2019.
2. Жұмабаева Ә. *Мектепке дейінгі педагогика.* – Алматы: Білім, 2020.
3. Л.С. Выготский. *Ойын және баланың дамуы.* – Москва, 2018.
4. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2023.

5. Смирнова Е.О. *Дошкольник и игра: психология детства*. – Москва, 2021.
6. Сағындықова Н. *Дидактикалық ойындар мен әдістемелік нұсқаулық*. – Алматы, 2022.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Исина Нургуль Советовна
*Ақмола облысы, Целиноград ауданы,
Жалғызқұдық ауылының жалпы орта білім
беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог - сарапшы*

Орыс ғалымы В.Г. Белинскийдің: «Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десеңізші: ұстаздың қолында адам өмірінің келешектегі тұтас тағдыры тұр», - дегендей ұстаз - болашақтың тұтқасы, жас ұрпақты тәрбиелеу және терең де, жан - жақты білім беру ісіндегі қоғамның өкілі.

Ал, бастауыш сынып мұғалімінің жауапкершілігі маңызды болып келеді. Жас балаларды оқу - жазуға үйрете отырып, өз істеріне жауапкершілік сезімін қалыптастырып, әр түрлі сынақтарға төзе алатындай, бойларына табандылық пен сенімділік қасиеттерін қалыптастырумен қатар, қиындықтарды өздері шеше алатындай тапқырлыққа, шеберлікке дайындайтын да бастауыш сынып мұғалімдері деп ойлаймын.

Себебі, қазіргі уақытта көп ізденіп, үйренуге ұмтылуымның арқасында сабақ жүргізуім өзгерді. Оқыту әдістерін оқытуды, ұйымдастырудың түрлерін, оқушылардың білімін бақылау, бағалаудың мазмұнын қазіргі заманның жаңа талаптарына сай қолдана бастадым. Бағдарлама бойынша сабақты ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдерді жай ғана оқып, білумен қатар, әдіс-тәсілдерді тәжірибе жүзінде жасап көру маңыздырақ. Сол арқылы жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту құпиясын түсіне алатын кең мүмкіндіктерге ие болдым. Бала оқыту қызметі менің ішкі қажеттілігіммен сәйкес келіп, өзімді рухани жетілдіру жолындағы ізденісімді одан әрі арттыра түсті. Бұл бір жағынан кәсіби қажеттілігім болса, екінші жағынан ішкі қажеттілігім. Осыған дейін оқыту үдерісінде күнде кездесіп, аса мән бере қоймайтын сәттерге басқаша көзбен қарап, басқа қырынан танығандаймын.

Осындай жігермен, заманауи әрі жаңашыл идеямен Lesson Study - ді бастауыш сыныпта жоспарлап .

Жалпы Lesson Study дегеніміз не? Lesson Study - мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс - әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.

Lesson Study - де іс - шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқытуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобынан құралады.

Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратып, бөліседі.

Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында табысты қолданылады екен.

Мұғалімдерге Lesson Study - ді өткізу өте тиімді. Себебі, оқушылардың білім алғандығын анағұрлым анық және әртүрлі қырларынан егжей - тегжей дәлелін көруге, айырмашылықтарын көруге, оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Lesson Study -дің басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің қоғамдастығы аясында іске асырылады.

Lesson Study тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз және Lesson Study барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз да, айырмашылығын көріп талқылаймыз.

Lesson Study мұғалімдерге өздерінің ұғымдары мен түсініктерін тексертуге ынталандырады, мұғалімдер арасында диалогты туындатады, әріптестік және кәсіби даму мәдениетін дамытып қана қоймай, мұғалімдердің назарын оқушылар қажеттілігіне аудартады. Сонымен қатар, мұғалімдер оқу жоспары жөнінде тереңірек түсінік алады.

Lesson Study күрделі оқу ақпаратын іріктей алатын тәжірибесі мол ұстаздарға тек қажеттісін ғана іріктеп алуға көмектеседі.

Қазіргі таңда Lesson Study кәсіби оқыту құралы ретінде көптеген елдерде тәжірибе жүзінде қолданылуда және бұл дүниежүзі бойынша мектеп ұжымдарына кәсіби білім алушылар қауымдастықтары санының арта түсуіне ықпалын тигізіп отыр.

“Жұмыла көтерген - жүк жеңіл”- дегендей, бірлескен мұғалімдердің көмегімен сабақтың жоспарын құрып өз сыныбымда математика пәнінен сериялық «Lesson Study» сабағын ұйымдастырдым. Өткізу барысында түрлі әдіс – тәсілдерді қолдандым. Сонымен қатар әр сабағымда жеке, жұптық, топтық жұмыстарды қолдана отырып, сабағымда А,В,С оқушыларым өздерінің білім деңгейін дәлелдей алды. Бірінші сериялық сабақтан кейін мұғалімдер тобы бірлесіп, сабаққа қатысқан А,В,С оқушылардың орнын басқа оқушылармен ауыстыруын ұсынды және сабақ жоспарын құрдық. Екінші сабақта да әдіс – тәсілдерді өзгертіп, сабағым өз мақсатына жетті.

Мұғалімдердің талдауынан кейін екінші В,С оқушыларымның оқуын, білімін, А оқушымының топтағы бір - біріне деген қарым – қатынасын ширату керек болды. Бірлесіп құрылған үшінші және төртінші сериялық «Lesson Study» сабағымды «Поезд» ойыны және «Музыкалық әуен» арқылы математикалық тапсырмаларды әр аялдамаға яғни, “Шаңырақ”бекеті, “Жұмбақ ата” бекеті, “Сиқырлы сандар”бекеті, және “Бекіту”бекеті атты аялдамаларға тоқтап орындау арқылы жүзеге асырдым.

Осы төрт сериялық Lesson Study сабағын өткізгеннен кейін, жауап беруге қиналатын оқушым өзіне сенімді бола бастады. Нәтижесінде оқушыларымның арасында бір – біріне деген жақсы қарым – қатынас, бір – біріне деген қолдау, әсіресе А,В,С оқушыларымның білім деңгейі көтерілді. Үнсіз отыратын оқушым үнемі қол көтеріп, сабаққа деген ынтасы ашылды. Өздеріне деген сенім пайда болды. Оқушыларым өз ойларын емін - еркін, ашық, жүйелі жеткізуге үйрене бастады. Сонымен бірге «Lesson Study» барысында зерттеп қана қоймай, сабақ жоспарын түрлендіріп отыру да аса маңызды. Бастауыш сынып болғандықтан оқушының еркін сөйлеуін, сабаққа деген ынтасын қызықтырудың тағы бір тиімді түрі ол ойын арқылы жүзеге асыру болды.

Мысалы, “Табан ізді” басып жүру арқылы, “Таблодағы ұяшықты таңда”атты әдістерді қолдану көбейту мен бөлу кестесін қайталап шығуға ықпалын тигізді. Lesson Study (сабақты зерттеу) мен ойын түрінен құрылған сабақтың барысы ерекше бола түсті және тұйық оқушылардың ойлары мен пікірлерін, сабаққа деген көзқарастарын ашты. Сонымен бірге, сериялық Lesson Study - үдерісі кезіндегі сабақтың ерекшелігі - ол оқушылардың бойынан күткен нәтиженің құрылған сабақ мақсатымен тығыз байланысында деп ойлаймын.

Мұғалімдік жолда білімімді арттыру үшін 2023 жылдың маусым айында «Бастауыш сынып мұғалімдерінің Математика, Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту» атты біліктілігін арттыру курсынан өттім. Сол курстың бір тарауының тақырыбы – «Lesson Study» тақырыбы болды. Бұл тақырыпта Lesson Study-дің ерекшеліктерімен танысып, құжаттармен таныстық. Осы тақырып кезінде топпен жұмыс жасадық. Топпен жұмыстың барысында әдіс - тәсілдердің керемет, жаңа түрлерін білдік. Атап айтсам, “Пілді жеу”, “Екі шындық, бір жалған”, “Бес саусақ”, “Wordwell” және т.б. әдістерді қолданып, өзара мұғалімдер өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Мен өзімнің өткізген сериялық Lesson Study сабағыммен салыстырып, көптеген ақпараттар алдым.

Осы жетістіктерге жетелеген, осындай қуанышты сәттердің куәсі болуға, қазіргі заман баласын қалай оқыту керектігін ұғындыруға қабілетті, шын мәнінде тәжірибесімен бөлісіп, ой сала білген Lesson Study - дің қыр - сырын толық жеткізе білген тренерім мен ұжымдағы әріптестеріме де алғысым шексіз. Мен әріптестеріммен тәжірибе алмасудың тамаша мектебінен өтіп, білімімді нәтижелі жетілдіру үстіндемін.

Қазіргі жаһандану кезеңінде білім беру саласында озық технологиялар мен инновациялар орын алуда. Жаңа заман талабына сай «Жасанды интеллект» бойынша сабақтарыма керекті ақпараттар алып, презентациялар жасап, суреттерді жандандырып қолданудамын. Мысалы, «ChatGPT», «Google Gemini», «Canva», «Wordwell» сияқты онлайн ресурстардан керекті ақпараттар алып, сабақтарда қолданып келемін. Тағы бір инновациялық технологиялардың бірі **STEM** және **SMART** бағыттары – заманауи қоғамның сұранысына сай мамандарды даярлаудың тиімді тетігі болып саналады екен. Бұл екі бағыт оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін, зерттеушілік дағдыларын дамыта отырып, болашақта ғылым мен технологияны терең меңгеруіне мүмкіндік береді екен. **STEM** және **SMART** технологиясы робототехника, 3D модельдеу, жасанды интеллект элементтері – оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұнына кіріп, сабақ барысында оқушы толықтай интерактивті платформамен және мобильді қолданбалармен оқу үдерісін зерттеу арқылы, тапсырмаларды саралап, өздерінің даму жолын түсінетін болады екен. Алдағы уақытта осы бағыттағы инновациялық технология курсы оқуды жоспарлап отырмын.

Өз ойымды жүйелей келе, мынадай қорытындыға келдім: «Lesson Study» тәсілі, «Жасанды интеллект», «**STEM** және **SMART**» технологиясы қазіргі таңда өте өзекті, қажетті және маңызды деп есептеймін. Себебі инновациялық технологиялар тәсілі арқылы құрылған сабақ мақсаты мен тақырыптарды түрлендіріп, зерттеп қана қоймай, білім алушы оқушыларымыздың ішкі уәждерін оятып, ойларын анық және нақты жеткізе алатындай дәрежеге зор үлесін тигізеді деп ойлаймын. Ал, мұғалімдер арасында өздерінің өткізген Lesson Study нәтижелі сабақтарымен ой бөлісу, пікір айту, конференциялар мен семинарларда баяндамалар оқып, дөңгелек үстел аясында талқылап, тәжірибе алмасып отыруға және жаңашыл идеяларымен, жаңашыл инновациялық технологиялармен бөлісу өте өзекті мәселе деп санаймын.

Сонымен қатар, шәкірттеріміздің болашағына сенім ұялатып, мәселелерді шешу бағытында ой бөлісуді, пікірталас арқылы түсіністікке қол жеткізуді, алынған білімді қолдана алуды, үйретуді әрі қарай жалғастырып келемін. Бүгінгі біздің алдымыздағы оқушыларымыз - ел ертеңі. Артылған жүк салмақты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ж.А. Жүнісова. Педагогикалық шеберлік. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен. Алматы 2011

2 Pete Dudley. Lesson Study: Нұсқаулық.

3 4 L 58 Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африкалық Республикасы), А. Тулепбаева (Қазақстан Республикасы). Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық= Руководство для учителей по реализации подхода Lesson Study= Handbook for

Астана, 2013

4 Б18 Байгаринова Ж.К. Сабақты зерттеу (Lesson Study): А - дан Я - ға дейін: әдістемелік ұсынымдар/ “Назарбаев Зияткерлік мектептері” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2017. -36 б.

5 Интернет желісі ChatGPT

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Махсул Шолпан

*Талдықорған қаласы Мойнақ ауылындағы
МДШО бар 23 орта мектеп мектепалды даярлық
сынып мұғалімі*



Қазіргі ерте жастағы балалар тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды заманауи креативті әдістермен ұштастыру – жаңартылған бағдарламадағы басты басымдықтардың бірі. Биылғы оқу жылында мектепке дейінгі білім беру саласында баланың белсенді қатысуына, зерттеушілік әрекетіне және тәжірибе арқылы үйренуіне бағытталған өзгерістер енгізілді. Осындай өзгерістерге сай ұйымдастырылған оқу қызметінде ұлттық ойындарды қолдану – балаларға тек танымдық дағды ғана емес, сонымен бірге ұлттық сана, салт-дәстүрге сүйіспеншілік, мәдениетке құрмет қалыптастыратын тиімді құрал.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тәрбиелік тәжірибесінің ең бай саласының бірі – ұлттық ойындар. Ұлттық ойындар — халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, шаруашылығынан, рухани-мәдени өмірінен бастау алған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәрбиенің пәрменді құралы. Бүгінгі таңдағы мектепке дейінгі білім беру саласында ұлттық құндылықтарды баланың жас ерекшелігіне бейімдеп қолдану, оларды ойын арқылы таныту – биылғы оқу жылындағы негізгі педагогикалық бағыттардың бірі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыру, ұлттық мәдениетке қызығушылығын дамыту және дене-қимыл қабілетін жетілдіру мақсатында ұлттық ойындарды сабақ құрылымына енгізу ерекше нәтижелер береді. Осы тұрғыдан алғанда «**Ұлттық ойын арқылы ұрпақ тәрбиесі**» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметі баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді тәжірибе болды. Ұлттық ойындар тек көңіл көтеру мақсатында емес, қоғамдағы еңбек, батырлық, тәртіп, мәдениет,



ұйымшылдық сияқты құндылықтарды сіңіру үшін қолданылған. Яғни ойын – тұтас тәрбиенің бір бөлігі ретінде біздің топта өткен **«Ұлттық ойын арқылы ұрпақ тәрбиесі»** тақырыбындағы оқу қызметі – қазақ халқының ұлттық ойындарын, тағамдарын, киімдерін, аспаптарын және ұлттық дәстүр элементтерін дидактикалық ойындармен ұштастыру арқылы қызықты әрі әсерлі өтті.

Сабақтың мақсаты – балаларға қазақтың ұлттық мұрасын заманауи педагогикалық әдістермен таныстыру, олардың тілін, логикалық ойлауын, қимыл белсенділігін және шығармашылығын дамыту. Сабақ мазмұны үш бағытты қамтыды.

1. Ұлттық қозғалыс ойындары (ұлттық бәйге, қимылды тапсырмалар)
2. Геометриялық пішіндермен дидактикалық тапсырмалар
3. Ұлттық дәстүр, тағамдар, киімдер, аспаптар туралы танымдық-креативті ойындар

Бұл форматы балалардың қызығушылығын арттырып, сабаққа толықтай енуіне мүмкіндік берді. Оқу іс-әрекеті балаларды шеңберге жинап, қазақтың күмбірлеген домбыра үнімен басталды. Тәрбиеші қазақ салтында қонақты “қош келдіңіз!” деп қарсы алу дәстүрін түсіндіріп, балаларға шағын жылы тілек айтуға мүмкіндік берді.

Бұл кезеңде сабаққа эмоционалдық жағымды ахуал қалыптасты.

Сурет қоюға болатын жер: балалар шеңберде, ұлттық атмосфера.
«Ұлттық бәйге» қимылды ойыны

Балалар аса қызығушылықпен қатысқан негізгі бөлім – ұлттық бәйге ойынының бейімделген нұсқасы.

Ойынның құрылымы:

- Топ бөлмесінің ортасына «жарыс жолы» жасалды.
- Әр бала «ат» таңдап, қолдарына шағын жалаушалар алды.
- Әр айналымда тәрбиеші ұлттық мәдениетке қатысты сұрақ қояды:
 - – «Қазақтың ұлттық аспаптарын ата»
 - – «Қандай ұлттық тағамдарды білесің?»
 - – «Қазақтың ұлттық киімдерін көрсетіп, ата»

Дұрыс жауап берген балалар «бір қадам» алға жылжып, бәйге жалғасып отырды. Бұл әдіс – баланың ойы мен қозғалысын қатар дамытатын биылғы бағдарламамен толық сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Сурет қоюға ыңғайлы жер: балалар жарыс жолында ойнап жатқан кезі.

Геометриялық пішіндер негізіндегі ұлттық дидактикалық ойындар

Бұл бөлім жаңартылған бағдарламадағы «интеграция» қағидасына сәйкес құрылды.



Ойын: «Ою құрастыр»

Балаларға үшбұрыш, шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш пішіндері берілді.

Олардың көмегімен ұлттық оюдың үлгісін құрастыру тапсырылды.

Балалар:

- «Қошқармүйіз»,
- «Түйетабан» үлгілерін құрастырды,
- Пішіндердің атын дұрыс атап, көлемін салыстырды.

Ойын барысында балалар ұлттық нақышты тек көріп қана қоймай, қолымен жасап, логикалық ойлауын дамытты.

Ойын: «Ұлттық тағамды тап»

Геометриялық пішіндер арқылы тағамдарды сәйкестендіру:

- Домалақ пішін → бауырсақ
- Ұзынша → қазы
- Төртбұрыш → нан т ділімі
- Шеңбер → таба нан

Бұл тәсіл балаларға тақырыпты есте сақтауға үлкен әсер берді.

Сурет қоюға ыңғайлы жер: балалар ою құрастырып отырған сәт.

Сабақтың бұл бөлігі танымдық қана емес, эмоционалдық әсері жоғары креативті форматта өтті.

Балалар ұлттық бұйымдарды қолмен ұстап көріп, олардың атауын, қолданылуын білді.

Тапсырма: «Сыйлық салынған тұсау кесер қоржынын аш»

Қоржын ішіне:

- кішкентай бесік макеті,
- тұсау кесу жібі,
- домбыраның шағын үлгісі,
- тақия,
- кішкентай текемет үлгісі салынды.

Әр затты алу арқылы балаларға оның мәні түсіндірілді.

Тапсырма: «Дыбысты тап – аспапты ата»

Балалар домбыра, қобыз, дабыл дыбыстарын тыңдап, дұрыс аспапты карточкадан көрсету керек болды.

Сурет қоюға ыңғайлы жер: балалар ұлттық заттарды зерттеп тұрған кезі.

Ұлттық тағамдар әлемі – «Ас мәзірін жина» ойыны

Балаларға ұлттық тағамдардың суреті мен бос табақтар берілді.

Тапсырма: табақты ұлттық мәзір талабына сай толтыру.

Балалар:

- ет тағамдары,
- сүт тағамдары,
- нан өнімдері,
- тәттілер тобын ажыратып орналастырды.

Бұл балаларға дұрыс тамақтану мәдениетін де үйретті.

Сабақтың рефлексиясы – «Маған не ұнады?»

Балалар түстер арқылы рефлексия берді:

- Сары – мен жаңа нәрсе үйрендім
- Көк – ойындар маған қатты ұнады
- Қызыл – тағы ойнағым келеді

Барлық балалар көк түсті таңдауы – сабақтың қызықты өткенін көрсетті.

Ұлттық ойындар арқылы өткізілген сабақ:

- баланың қимыл-қозғалысын,
- тілдік қорын,
- логикалық ойлауын,
- ұлттық мәдениетке сүйіспеншілігін,
- шығармашылық қабілетін
- бір мезетте дамытуға мүмкіндік берді.

Биылғы жылдағы өзгерістерге сай:

- ойын орталықтары белсенді қолданылып,
- интеграцияланған тапсырмалар енгізіліп,
- баланың жеке тәжірибесіне сүйенген оқыту әдісі қолданылды.

Ұлттық ойын – тек ойын емес, ұрпақтың рухани тәрбиесінің алтын көпірі екені сабақ барысында тағы бір мәрте дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты, 2024–2025 ж.
2. С. Қалиев. *Қазақ этнопедагогикасы*.
3. Ә. Табылдиев. *Қазақтың ұлттық ойындары*.
4. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар жинағы, 2024 ж.
5. Н. Құлжанова. *Ойын арқылы даму*.
6. Қазақтың салт-дәстүрлері. Энциклопедиялық анықтамалық.

ҮСТЕЛ ҮСТІ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУҒА ӘСЕРІ



*Хусайнова Жанагуль Мухамбеткалиевна
Астана қаласы., Алматы ауданы
№7 «Аққу» балабақша тәрбиешісі*

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тілдік дағдыларын дамыту – басты білім беру міндеттерінің бірі. Тіл – баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуының, ойлау жүйесінің және әлеуметтік дамуының негізі. Осы бағыттағы тиімді әдістердің бірі – **үстел үсті (настольные) ойындарын** жүйелі түрде қолдану. Олар балалардың

сөздік қорын байытып қана қоймай, байланыстырып сөйлеуін, логикалық ойлауын, әлеуметтік коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады.

Үстел үсті ойындарының тіл дамытудағы психологиялық-педагогикалық негізі. Үстел үсті ойындары – бала әрекетінде ойын формасын сақтай отырып, оқу-тәрбиелік мақсатты жүзеге асыратын әмбебап құрал. Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин сынды ғалымдардың еңбектерінде ойын – баланың жетекші әрекеті ретінде сипатталған. Тілдің дамуы ойын барысында табиғи жолмен, еркін атмосферада жүзеге асады.

Үстел үсті ойындарының негізгі ерекшелігі:

- қарым-қатынасқа итермелеуі: бала өз ойын жеткізуге, сұрақ қоюға, жауап беруге тырысады;
- зейін, есту, қабылдау механизмдерін дамытуы;
- қиял мен ойлауды белсендіруі;
- қателесуден қорықпай сөйлеуге жағдай жасауы.

Мектепке дейінгі мекемеде тіл дамуы үшін балаға дайын ақпарат беруден гөрі қарым-қатынасқа кірісу, диалог құру, заттармен әрекеттесу әлдеқайда тиімді. Үстел үсті ойындары осы табиғи жағдайды қамтамасыз етеді. Үстел үсті ойындарының бала тілін дамытудағы негізгі функциялары бар, сонымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, сөздік қорды байытуға арналған жұмыстар жүргізіледі. Ойындардағы карточкалар, суреттер, заттар арқылы жаңа сөздермен танысу жеңілдейді.

Бала:

- заттарды атайды;
- қасиеттерін сипаттайды;
- салыстырады;
- әрекеттерді сөзбен білдіреді.

Мысалы: «Лото», «Суретті домино», «Кім жылдам?» ойындары арқылы бала жаңа сөздерді есте тез сақтайды. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру осы ойындармен жүзеге асырылып жатады. Сюжеттік үстел ойындары – «Story Cubes», «Суреттен әңгіме құрастыр», «Не алдымен? Не кейін?» – баланы оқиға желісін құруға, бастау–ортасы–аяқталуы бар сөйлемдер тізбегін жасауға үйретеді.

Бұл баланың:

- сөйлем құрау
- логикалық байланыс орнату
- ойын жүйелеу

қабілеттерін арттырады. «Дыбыс аулау», «Қай әріптен басталады?», «Дыбысты тап» сияқты ойындар дыбыстарды дұрыс айтуға, есту арқылы ажыратуға көмектеседі. Бұл әсіресе 5–6 жастағы балалар үшін маңызды.

Топтық үстел ойындары:

- кезек күту,
- ережені сақтау,
- қарсыласпен сөйлесу,
- өз ойын дәлелдеу

сияқты маңызды коммуникациялық дағдыларды қалыптастырады. Баланың қорқып сөйлемей қалуы азаяды, өзін еркін сезінеді. Келесі кезекте мектепке дейінгі ортада балалардың тілдік механизмін дамытуға арналған бірнеше жұмыстарды ұсынатын боламын. Ол жұмыстарда әр топ балаларының жас ерекшелігіне сай таңдау

- **3–4 жас:** қарапайым лоторлар, түсті ажырату ойындары, заттарды сәйкестендіру.

- **5–6 жас:** логикалық үстел ойындары, стратегия элементтері бар ойындар, әңгіме құрастыру, дыбыстық ойындар.

Ойындарды:

- тіл дамыту
- сөйлеу мәдениеті
- сауат ашу
- қоршаған ортамен таныстыру

сабақтарына кіріктіріп қолдануға болады. Мысалы, «Сиқырлы қапшық» ойынында бала затты сипап сезіп, оны атауға, сипаттауға тырысады. Әр баланың деңгейіне қарай бейімдеу. Тілдік деңгейі төмен балаларға:

- жеңіл карточкалар,
- дайын сөйлем үлгілері,
- қысқа ережелер

ұсынған дұрыс.

Ал тілдік деңгейі жоғары балаларға:

- күрделі логикалық тапсырмалар,
- сөздік ойындар
- шығармашылық әңгіме құрастыру

беріледі.

Ойын процесін ұйымдастыру қағидалары:

1. Ойын алдында міндетті түрде ережені түсіндіру.
2. Барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету.
3. Қателескен баланы сынамау, қолдау көрсету.
4. Ойын соңында қысқа рефлексия жүргізу:
5. – «Саған қайсысы ұнады?»
6. – «Қандай жаңа сөз үйрендің?»

Үстел үсті ойындарының тіл дамытудағы тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарым:

- Ойындарды регулярлы түрде, аптасына 2–3 рет қолдану.
- Балалардың қызығушылығын арттыру үшін түсті, мультяшка стиліндегі материалдар қолдану.
- Баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, ойын күрделілігін реттеп отыру.
- Ойын кезінде балаларды көбірек сөйлету, сұрақ-жауап әдісін пайдалану.
- Балаларға өздері ойын құрастыруға мүмкіндік беру: суреттерді таңдау, ереже ойлап табу – шығармашылық тілдік дағдыларды дамытады.

Үстел үсті ойындары – баланың тілін дамытуда таптырмас құрал. Олар баланы еркін сөйлетуге, сөздік қорын молайтуға, логикалық жүйелі ойлауға, эмоционалдық қарым-қатынасқа тәрбиелейді. Тіл дамуы ойын арқылы табиғи, қызықты, жеңіл түрде қалыптасады. Сондықтан балабақша педагогтары үстел үсті ойындарын сабақ барысында да, еркін іс-әрекетте де жиі қолданғаны дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Выготский Л.С. *Ойын және оның бала дамуына әсері.* – М., 2002.
2. Эльконин Д.Б. *Психология игры.* – М.: Педагогика, 1999.
3. Жұмабекова Ф.Н. *Мектепке дейінгі педагогика.* – Алматы, 2018.
4. Қоянбаев Ж.Б. *Педагогика.* – Алматы: 2020.
5. Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасы», 2023–2024 жж.
6. Антонов А.А. *Настольные игры в развитии детей дошкольного возраста.* – СПб., 2017.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Өңірлеріндегі педагогтердің іс-тәжірибелерінен

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ АБАЙ ТӘРБИЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Айтеева Шынарай Ерденовна

Астана қаласы №4 «Аружан» балабақша тәрбиешісі

Мектепке дейінгі тәрбие – адамның тұлғалық негізі қаланатын өте маңызды кезең. Бұл уақытта бала қоршаған ортаны тез қабылдап, еліктеу арқылы үйренеді. Осы тұрғыдан алғанда Абай Құнанбайұлының тәрбиелік ойлары мектепке дейінгі балалар үшін ерекше мәнге ие.

1. Абай тәрбиесі – адамгершілікке негізделген. Абайдың барлық еңбегінде баланы жақсылыққа, адамдыққа, мейірімге, әділдікке, адалдыққа баулу басым. Мектепке дейінгі кезеңде бұл қасиеттерді қалыптастыру ең тиімді, себебі дәл осы жаста бала жақсы мен жаманды ажырата бастайды.

Ересектердің үлгісін қайталайды, эмоциялық қабылдауы жоғары. Сондықтан Абайдың аманаты балалар үшін нақты мінез-құлыққа айнала алады.

2. Еліктеу мен үлгі арқылы тәрбие. Абай: «*Болмасаң да ұқсап бақ*» деп, үлгі арқылы тәрбиенің тиімділігін көрсетті. Балабақшада бұл принцип тәрбиешінің жылы сөзі, үлкенге құрмет, өзара сыпайылық, жақсы әрекет көрсету арқылы іске асады. Бала «*жақсыларға ұқсап*» әдептілікті үйренеді.

3. «Бес асыл іс» – мектепке дейінгі тәрбие құндылықтары. Абайдың «Бес асыл іс» тұжырымдамасы мектепке дейінгі кезеңге толық сай келеді. Оқу-білімге ынта, қызығушылық, ойыншық жинау, тапсырманы орындау, сұрақ қою, ойлану, қиялды дамыту, барды бағалау, сабырлылық, мейірімділік, жанашырлық. Бұл құндылықтар күнделікті тәрбие жұмысының негізіне айнала алады.

4. Мейірім мен рақымға баулу – Абай тәрбиесінің өзегі. Абай баланы мейірімсіз тәрбиені қабылдамайтынын бірнеше қара сөзінде айтады. Балабақшада мейірім тәрбиесі: жылы қарым-қатынас, бір-біріне көмектесу, мейірімді сөздер айту («рақмет», «кешір», «өтінемін») жануарларға, табиғатқа қамқорлық арқылы беріледі. Мейірім – баланың жүрегіне бірінші болып орнығатын сезім.

5. Ар-намыс, адалдық, тазалық – Абайдың негізгі өсиеттері. Абай: «*Адам болам десеңіз...*» деп, жақсы қасиеттерді ұсынады. Мектепке дейінгі кезеңде өтірік айтпауға, тәртіпке, тазалыққа, адал ойынға, бір-бірін ренжітпеуге үйрету – Абай тәрбиесіне толық сәйкес келеді.

6. Тіл мәдениеті мен сыпайы сөйлеу тәрбиесі. Абай сөз өнерінің күдіретін ерекше бағалаған. Балалар үшін бұл әдепті амандасу, мәдениетті сөйлеу, дауыс көтермеу, жақсы сөз айту сияқты қарапайым да тиімді дағдыларды қалыптастырады. Бұл – коммуникативтік мәдениеттің негізі.

7. «Толық адам» идеясы – тұлғаның ірге тасы. Абайдың «Толық адам» конц епциясы мектепке дейінгі жаста жүрек (мейірім) ақыл (ойлау), қайрат (әрекет) үйлесімділігін қалыптастыру арқылы сезіледі. Балаларда бұл сезім мәдениеті ойлау қабілеті әрекет дағдысы ретінде көрініс табады.

8. Ойын арқылы берілетін тәрбиелік мән. Абай: *«Атаның баласы болма, адамның баласы бол»* деп, рухани дамуды алға қойған. Балабақшада Абай тәрбиесі сюжетті рольдік ойындар, жағдайды шешу ойындары *«Жақсылық жаса»*, *«Кім әдепті?»* сияқты дидактикалық ойындар арқылы балаға түсінікті тілмен беріледі.

9. Табиғатты сүю – Абай өлеңдері арқылы тәрбие. Абайдың табиғат лирикасы баланың эстетикалық сезімін дамытады. Мысалы: *«Жаз»*, *«Қыс»*, *«Желсіз түнде жарық ай»* өлеңдері арқылы табиғатқа қамқорлық, әсемдікті сезіну, сурет салу, музыка есту дағдылары дамиды.

10. Тіл дамытудағы Абай мұрасының рөлі. Абай сөздерінің көркемдігі баланың сөздік қорын байытады: қысқа өлеңдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер. дұрыс сөйлеуге, әдепті түрде жауап беруге үйрету. Тілдік болып табылатын үн, ритм, ырғақ сезімдерін дамыту.

11. Абай мұрасын ойын арқылы меңгерту ерекшелігі мектепке дейінгі балалардың негізгі әрекеті – ойын. Сондықтан Абай тәрбиесін рөлдік ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары, драмаландыру, сюжеттік-дидактикалық ойындар арқылы үйрету тиімді. Мысалы: *«Жақсылық жасайық»*, *«Әдепті бала»*, *«Кім еңбекқор?»*.

12. Үлкенге құрмет – Абай тәрбиесінің өзегі. Абай *«ата-анаға құрмет»*, *«кісі ақысы»*, *«адамдық борыш»* туралы жиі айтады. Мектепке дейінгі кезеңде бұл үлкендерді сыйлау, тәрбиешіні тыңдау, отбасындағы үлкенге көмектесу, амандасу мәдениеті арқылы беріледі.

13. Мектепке дейінгі Абай тәрбиесінің мәні, Абай тәрбиесінің мектепке дейінгі кезеңдегі ерекшелігі – баланың жүрегіне жақсылық дәнін ерте себу. Абай құндылықтар мейірімділік, әділдік, еңбекқорлық, ойлау, әдептілік, адамдық осы жаста тез қалыптасады. Абай аманаты — баланың тұлғасын тәрбиелеудің алтын қазығы.

Қорыта айтқанда Абай Құанабайұлының шығармаларының тәрбиелік мәні балалардың рухани, моральдық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған. Мектеп жасына дейінгі балаларды ғұламаның шығармаларымен сусындаа отырып тәрбиелеу – олардың өмір бойы ізгілік пен әділдікке ұмтылуына, жақсы адам болуға бастайтын жол болып табылады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫМ



Ошакпаева Салтанат Нурлановна
 «Алматы облысы білім бөлімі» басқармасының
 Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі»
 ММ-нің «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Мақсаты:

Тәрбиенушілерге тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру .Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік

рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру.

Патриоттық сезімге баулу.

Елімізді, жерімізді қадірлеуге, ұлтжандылыққа, достыққа, саналылыққа тәрбиелеу.

Әнұранды орындау.

-Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

-Қазақстан республикасы.

-Қазақстан қандай мемлекет?

-Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

-Еліміздің елордасы қай қала?

-Астана

Тақпақтар:

Жанайым: Ардақтайтын ана тілім – бастауым,
 Ата Заңым – арқа сүйер асқарым!

Айқын: Бауырына айналдырып сан ұлтты,
 Бірлігі мен татулығын танытты.
 Жаңа ғасыр көшін бастап
 Қазақстан жаңа күнге жетелейді халықты.

Асылжан: Арайланып, шуақ шашар таң күліп,
 Бақыт жолы жатыр алда жаңғырып.
 Бағзылардан аңсап жеткен
 Еркіндік – Ұлы Дала Елі үшін – Мәңгілік!

Тәрбиеші: Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар. Қазақ халқы- ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алды. Сондықтан 16 желтоқсан күні тәуелсіздік мерекесі ретінде аталып өтіледі. Дүние жүзіндегі мемлекеттер Қазақстанды тәуелсіз республика деп таныды. Мемлекетіміздің дербестігін білдіретін Туымыз, халықты бірлікке шақыратын Әнұранымыз, Елтаңбамыз бар.

— Тәуелсіздік жолында өздерін құрбан етіп, қаза тапқан аға-әпкелерімізді білесіңдер ме? (Тәуелсіздік жолында өздерін құрбан етіп, қаза тапқан өзіміздің жерлестеріміз Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев ағаларымыз, әпкелеріміз Ләзат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова).

16 желтоқсан құрбандары туралы слайд көрсету.

Тәуелсіздік жолында өздерін құрбан етіп, қаза тапқан ағаларымыз бен әпкелерімізге арнап қаламызда, басқада қалаларда ескерткіштер қойылған.

16 желтоқсан күні еске алып, гүл шоғы қойылады.

-Балалар, бізде ағаларымыз бен әпкелерімізді еске ала отырып, гүл шоғын жасайық.

Түрлі – түсті қағаздардан қиып, гүл шоғын жасау, ақ қағазға жапсыру.

-Балалар, биыл біздің тәуелсіздік алғанымызға 32 жыл болады.

- Балалар, көрдіңдер ме, Біздің елге, жерге деген құрметімізді, сендер келешекте мықты азамат боласыңдар. Біз сендерге сенеміз.

«Тәуелсіздік нышандары» (көленкесін тап) ойыны.

«Жартысын тап» ойыны

«Тәуелсіз елдің ұланы» әнін орындайық.

«ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БІЛЕЙІК, АМАН-ЕСЕН ЖҮРЕЙІК!»



Ракишова Салимаш Сапарғалиевна

Педагог-модератор

«Алматы облысы білім бөлімі» басқармасының

Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі»

ММ-нің «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыдарын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.

Шаттық шеңбері:

Қуан, шаттан, алақай!

Қуанатын күн келді.

Күліп шықты күн бүгін

Сәлеметсіңдерме балалар, біз бүгін жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз, жол белгілерін айыра аламыз ба, өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтай аламыз ба осы тақырыпта ой бөлісеміз.

Тәрбиеші:

Жалғайтын достастырып бар елменен
Жолдардан тұрады ғой әлем деген
Бүгінгі бізге келген қонақтармен
Ойынымыз басталсын сәлемменен

Сұрақ – жауап

- Балалар сендер күнде қайда келесіңдер? - Балабақшаға келеміз.
- Балабақшамыздың аты қалай? - «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы
- Қай топқа келесіңдер? - «Наурызгүл» ересек тобына
- Балалар, ата - анамыз күнде қайда барады? - Жұмысқа барады.
- Олар немен жүреді? - Машинамен, көлікпен
- Көліктер не үшін қажет? - Керекті жерге жету үшін.

(балалардың жауаптарын тыңдау)

Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын

«Үш көзі бар қаз – қатар

Кезек - кезек ашады

Үшеуінен байқасам

Үш түсті нұр шашады.»

Тәрбиеші:

- Балалар қандай көлік түрлерін білесіңдер?

Жер көлігі, Су көлігі, әуе көлігі, темір жол

Әр түрлі көліктер жайлы білгендерің жақсы екен, сонымен қатар жол ережесін де білулерің керек. Кәне таныс болайық.

Жол белгілерімен танысу.

- Балалар сендер бұл белгілерді біліп жүріңдер. Ал, енді қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтайық

1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт
2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара
3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт
4. Егер, жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен жүруге тиісті.

5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.

6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме.

7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек.

- Ал, балалар бағдаршамның үш көзі туралы айтып беріңдерші

Сафия:

Бір көзім «кідір» дейді,

Бір көзім «жүгір» дейді,

Бір көзім «абайла» дейді,

Амирлан:

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға.

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда,
Жүре бергін жасқанба.

Сергіту сәті: «Бағдаршам»

«Жартысын тап» ойыны

«Жол белгілері» атты ойын ойнау

Қорытынды: Айналайын абайла,

Жан-жағыңа қарайла.

Жолда-жүру ережесін

Есте сақта қалайда!

Міне, балалар, біз сендермен жолда қалай жүру керек екенін білеміз. Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек. Жол ережесін жақсы білсек өзімізді жол апатынан сақтаймыз.

Ал енді осы ережелерді әрқашан орындайық.

АЛМА ЖЕМІСІ



Кабылбекова Карлыгаш Акановна

педагог-модератор «Алматы облысы білім

бөлімі» басқармасының

Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі»

ММ-нің «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы

Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету.

Жемістерді айыра білуге, түстерді таңдай білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Жемістер қызыл алма ағашының суреті, және өрік, жүзім, банан, алмұрт.

Балалар шаттық шеңберін құрып қол ұстасып амандасады.

Шаттық шеңбері:

Армысың көк аспан

Армысың жер ана

Армысың достарым.

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.

Балалар мен сендерге үш түсті алма таратам бұл қандай түстер қызыл, сары, жасыл дұрыс ендеше қолдарыңдағы алманың түсіне қарай партаға отырайық.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр? кәне кім табады екен.

Әрі қызыл, әрі тәтті,

Татқан жанды таңырқатты (Алма). Дұрыс балалар, олай болса бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы " Алма" болмақ.

Міне балалар, көрдіңдер ме? Алма ағаштың бұтақтарында өседі екен.

Осы ағаштағы алмалардың түсі қандай? Балалар қызыл алма.

Дұрыс алма туралы кім тақпақ айтып береді.

Айша: Мен-алмамын, алмамын.

Таңдай татар бал дәмім.

Оразәлі: Алма кетті домалап

Көше бойын жағалап

Кім алманы табады.

Сол ойыннан шығады.

Топпен жұмыс: Балалар топпен бірлесе отырып банкіге алма, алмұрт өрік жүзімнен аналарың не жасайды? шырын, кампот, тосап, варенье жасайды екен.

Сергіту сәтті:

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі.

Кіп кішкентай ағаштар

Биік болып өседі.

Жеке жұмыс: Алма "Құрастыру" ойыны әр бала алманы құрастырып алма ағаштың бұтақтарына іледі.

Тәрбиеші: Балалар өте тамаша кәне санап жіберейікші? балалар бескедейін санайды және түстерін атап шықты жәрәйсыңдар балалар.

Тәрбиеші: Балалар біз жақында қандай мерекелерді атап өттік ?

Балалар, аналар және наурыз мейрамын қос мерекені аттап өттік.

Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар.

Бізге қонаққа кімдер келді? Балалар, Қыдыр ата және әже келді бізге көрісу рәсімін көрсетті.

Балалар, әже сендерге сыйлық беріп жіберіпті?

Дәмін тату. Балалар тәтті дәмді екен.

Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз де керемет өтті кәне, бармақтарымызды көрсетейік.

«Педагог жаршысы» журналында жарияланатын мақаланы рәсімдеудің

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

«Педагог жаршысы» ғылыми әдістемелік журналының Редакциясы келесі талаптарға сәйкес ғылыми мақалаларды қабылдайтыны туралы хабарлайды:

- Редакция бұрын жарияланбаған, ғылыми зерттеу мәселесінің тұжырымдамалық негіздемелері мен шешімдері қорытындыланған түпнұсқалық ғылыми еңбектерді қарастырады.

- Мақаланы Редакцияға жібере отырып, автор Баспагердің мақаланы журналға жариялаумен қоса, оны кез келген шет тілінде қайта басу құқығына келісетіндігін білдіреді.

- Редакция мақалаға қатысты теріс сараптамалық қорытынды болған жағдайда материалдан бас тарту құқығын өзінекәлдірады. Қажетті жағдайда мақалаға қайта өңдеулер мен түзетулер жасау үшін авторға арнайы жіберіледі.

Мақаланың құрылымы:

- Материал көлемі А4 форматындағы 5 беттен аспауы тиіс. Times New Roman 12 пт қарпінде теріліп, жоларалық қашықтық – 1, азат жол – 1,25 см болуы керек.

- Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілінде қабылданады.

- Мақаланың басында сол жақ жоғары бұрышында FTAMP (Ғылыми-техникалық ақпараттың Мемлекеттік рубрикаторы) (<http://lib.gup.kz>, <http://grnti.ru/>, ЭОЖ (эмбебап ондық жіктеме) (<https://teacode.com/online/udc/>), DOI (<https://www.doi.org/>) көрсетіледі.

- Мақаланың басында мақала атауы, автор (авторлар) туралы мәліметтер, түйін (150-300 сөз), кілт сөздер (6-8 сөз) мақала жазылған тілде жазылады. Одан кейін мақала атауы, автор туралы мәліметтер, түйін, кілт сөздер ағылшын және орыс тілінде жазылады.

- Мақала автордың (авторлардың) аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ресми лауазымы, ресми мекеме, ұйыматауы, (көп автор үшін санмен тізбектеп), қаласы, мемлекеті жазылады. Жаңа жолдан автордың (авторлардың) электрондықпоштасы жазылады.

- Мақаланың негізгі бөлігінде кіріспе, зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері мен нәтижелері, тұжырымдар, талқылау, түйіндер (қорытындылар) қамтылуы тиіс.

- Мақалаға Word форматындағы диаграммаларды енгізуге болады. Кестелер Word форматында біртұтас рәсімделіп, бір беттен екінші бетке ауысқан кезде алшақтықтар болмауы тиіс. Жарияланатын материалдарда пайдаланған суреттердің электрондық нұсқалары JPG (300-400 мегапиксель) форматында болуы шарт.

- Қолданылған әдебиет пен оның References мақаланың соңында беріледі және пайдалану реті бойынша жазылуы тиіс (ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления»). Мәтіндегі сілтемелер төртбұрышты жақшаларда көрсетіліп, мәтіндегі аталу тәртібі бойынша нөмірленеді және пайдаланылған беттері көрсетіледі (мысалы: [1, 75]). Интернет-ресурстарға сілтеме жасағанда өтініш жасаған күнді жақша ішінде келесі тәртіпте жазу қажет: күні, айы, жылы.

ОБЩИЕ ПРАВИЛА

к содержанию и оформлению статей для публикации в журнале «Педагог жаршысы»

Редакция научно-методического журнала «Педагог жаршысы» уведомляет о приеме научных статей при условии соответствия нижеследующим правилам:

- Редакция журнала рассматривает ранее не опубликованные оригинальные научные работы, предлагающие концептуальное видение и решение проблемы.

- Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя, издания статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке.

- Редакция оставляет за собой право отклонения материала в случае получения на него отрицательной рецензии.

При необходимости статья возвращается авторам на доработку.

Схема построения статьи:

- Объем материала не должен превышать 5 страниц формата А4. Шрифт: Times New Roman, размер – 12, межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» - 1,25 см.

- Статьи принимаются на казахском, русском и английском языках.

- В начале статьи, вверху слева следует указать индекс МРНТИ (<http://grnti.ru/>), УДК (<https://teacode.com/online/udc/>), DOI (<https://www.doi.org/>).

- В начале необходимо приложить название статьи, информации об авторе (ах), аннотацию (150-300 слов) и ключевые слова (6-8 слов/словосочетаний) на языке оригинала статьи на котором написан полный текст публикации.

- Далее оформляютсяназваниестатьи, сведениеоб авторе(ах), аннотация иключевыеслованаанглийском и русскомязыках.

- В информации об авторе (ах) указывается имя, фамилия автора, ученые степени, ученые звание, название организации(ий), в которой выполнена работа, рядом с фамилией автора необходимо указать цифру, эта же цифра указывается в названии организации, города, страны. С новой строчки необходимо указать E-mail авторов.

- Основной текст статьи должен содержать введение, задачи, цели, методы исследования, результаты, обсуждение, выводы (заключение).

- В статье допускается создание диаграмм в Word и Excel. Таблицы оформляются в формате Word, при переходе с однойстраницы на другую не должно быть разрывов. Электронные версии рисунков, используемые в публикуемом материале должны быть в формате jpg (300-400 мегапиксель).

- Список литературы и его References прилагается в конце статьи, и должен быть составлен в последовательности использования (ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления»). Ссылки в тексте обозначаются в квадратных скобках, нумеруются по порядку упоминания в тексте, и сопровождаются указанием использованных страниц (например, [1, 75]). В ссылках на интернет-ресурсы в скобках необходимо написать дату обращения в следующем порядке: чч.мм.гг.

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.



